

ҰЙЫМ БАСҚАРУ ОБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ

05.04.2017

ҰЙЫМ – БЕЛГІЛІ БІР НИЕТТЕР МЕН МАҚСАТТАРДЫ ОРЫНДАУ ҮШІН КҰРЫЛҒАН ЖӘНЕ ЕРЕЖЕЛЕРДІҢ РЕСМИ ҚҰРЫЛЫМЫМЕН, БИЛІКТІК ҚАТЫНАСТАРМЕН, ЕҢБЕК БӨЛІНІСІМЕН, ШЕКТЕУЛІ ҚАБЫЛДАУМЕН СИПАТТАЛАТЫН ҰЖЫМ ТҮРІ.

БҰЛ ТҮСІНІК ҚАЗІРГІ ҚОҒАМНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ӨМІРІНІҢ БАРЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ЕНЕТІН ІРІ КӨЛЕМДІ НЕМЕСЕ «КҮРДЕЛІ» ҰЙЫМДАРҒА ҚАТЫСТЫ ҚОЛДАНЫЛАДЫ. ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТЫ ЕРЕКШЕ МАҚСАТТАРҒА ЖЕТУГЕ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ФОРМАЛДАНҒАН ҚҰРЫЛЫМДАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСТЫРЫЛУЫНА БАҒЫТТАЛҒАН ӘЛЕУМЕТТІК ТОПТАР: ІСКЕРЛІК КӘСІПОРЫНДАР, МЕКТЕПТЕР, АУРУХАНАЛАР, САЯСИ ПАРТИЯЛАР, КӘСІПОДАҚТАР, Т.Б.

ҰЙЫМНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІ АЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МАҚСАТҚА ЖЕТУ БАРЫСЫНДА АДАМДАР ТОБЫ ЕҢБЕГІНІҢ САНАЛЫ ТҮРДЕ ҮЙЛЕСТІРІЛУІМЕН СИПАТТАЛАДЫ.

ҰЙЫМҒА КЕЛЕСІДЕЙ СИПАТТАМАЛАР ТӘН:

- ОСЫ ТОПТЫҢ МҮШЕСІ БОЛАТЫН КЕМ ДЕГЕНДЕ 2 АДАМНЫҢ БОЛУЫ.**
- БАРЛЫҒЫНЫҢ АЛДЫНА ҚОЙЫЛҒАН ОРТАҚ МАҚСАТ НЕМЕСЕ НӘТИЖЕНІҢ БОЛУЫ.**
- ТОПТЫҢ МАҚСАТЫНА ЖЕТУ ҮШІН МҮШЕЛЕРІНІҢ БІРЕГЕЙ АРНАЙЫ ЕҢБЕК ЕТУІ.**
- БЕЛГІЛІ БІР ШЕҚАРАЛАРЫНЫҢ БОЛУЫ: ІС-ӘРЕКЕТ ТҮРІ, ЖҰМЫСШЫЛАР САНЫ, КАПИТАЛ, ӨҢДІРІСТІК КӨЛЕМ, ТЕРРИТОРИЯ, Т.Б.**

ҰЙЫМНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАЛАРЫ: РЕСУРСТАР, СЫРТҚЫ ОРТАҒА ТӘУЕЛДІЛІГІ, ЕҢБЕКТИҢ КӨЛДЕНЕҢ ЖӘНЕ ТІК БӨЛІНІСІ, БАСҚАРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ.

ҰЙЫМДАСТЫРУ ҰЙЫМҒА СИНЕРГИЯ ӘСЕРІН ТИГІЗЕДІ. ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ЕТУ АДАМДАРДЫҢ ІСТЕРІН БІРІКТІРЕДІ, ҰЙЫМНЫҢ ЖАҢА САПАЛЫ ҚАСИЕТТЕРГЕ ИЕ, БІРТҰТАС РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫНА ҮҚПАЛЫН ТИГІЗЕДІ. БАСҚАРУШЫ ЖҮЙЕГЕ ҚАРАҒАНДА ҰЙЫМ БАСҚАРУ ОБЪЕКТІСІ БОЛАДЫ. ОНЫ ҚҰРҒАН КЕЗДЕ МАҚСАТТАР, ІС-ӘРЕКЕТ ТҮРЛЕРІ, КӨЛЕМІ, ҰЙЫМ ТҮРІ МЕН КӨЛЕМІ БЕЛГІЛЕНЕДІ, ҚАЖЕТТІ РЕСУРСТАРМЕН ҚАМТУ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ.

КАНАДА ПРОФЕССОРЫ Г.МИНЦБЕРГ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМНЫҢ ТИПІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ, ОРТАЛЫҚТАНДЫРУ МЕН МАМАНДАНУҒА БАЙЛАНЫСТЫ КЕЛЕСІ ҰЙЫМ ТІЗІМІН ҰСЫНДЫ:

КӘСІПКЕРЛІК ҰЙЫМ – ҚАРАПАЙЫМ ҚҰРЫЛЫМ, МЕНЕДЖМЕНТ ИЕРАРХИЯСЫ ДАМУМАҒАН, ТЕЗ ЖАҢАРУҒА БЕЙІМ, ШАҒЫН;

МАШИНАЛЫҚ БЮРОКРАТИЯ – ӨНЕРКӘСІПТІК ІС-ӘРЕКЕТТІ СТАНДАРДАРТТАУДЫҢ ЖОҒАРЫ ДӘРЕЖЕСІ, ЖОҒАРЫ КӘСІПТІЛІКТІ ҚАЖЕТ ЕТПЕЙДІ, ИЕРАРХИЯ ТІЗБЕГІ БАР;

КӘСІПТІК ҰЙЫМ – АУРУХАНА, УНИВЕРСИТЕТ, МЕКТЕП СИЯҚТЫ МАМАНДАРДЫҢ ЖОҒАРЫ КӘСІПТІЛІГІМЕН СИПАТТАЛАТЫН БЮРОКРАТИЯЛЫҚ ҰЙЫМ;

ДИВЕРСИФИКАЦИЯЛЫҚ ҰЙЫМ – ҚАТЫНАСТЫ ТҮРДЕ ТӘУЕЛСІЗ БӨЛІКТЕРДЕН ТҰРАТЫН ҰЙЫМ;

МИССИОНЕРЛІК ҰЙЫМ – ИДЕОЛОГИЯНЫҢ БАСЫМ БОЛУЫ, МҮШЕЛЕРДІҢ АРАСЫНДА ЖОҒАРЫ СЕНІМДІЛІК.

• **ҰЙЫМ МИССИЯСЫНЫҢ КЕҢ ЖӘНЕ ТАР ҰҒЫМЫ БАР. КЕҢ МАҒЫНАДА МИССИЯ – ҰЙЫМ БОЛМЫСЫНЫҢ МӘНІ, ОНЫҢ ФИЛОСОФИЯСЫ. ҰЙЫМ ФИЛОСОФИЯСЫ – ҚЫЗМЕТ ЕТУДЕ БАСШЫЛЫҚҚА АЛЫНАТЫН ҚҰНДЫЛЫҚТАР, ПРИНЦИПТЕР. АЛ ТАР МАҒЫНАДА МИССИЯ БАСҚАЛАРДАН ЕРЕКШЕЛІГІН КӨРСЕТЕТІН, ҰЙЫМНЫҢ ҚЫЗМЕТ ЕТУІН АШЫП БЕРЕТІН ҚАҒИДА. ҰЙЫМНЫҢ ҚЫЗМЕТ ЕТУІНЕ ЫҚПАЛ ЕТІП ЖӘНЕ ОНЫҢ БОЛМЫСЫН АНЫҚТАУДА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН ЕСЕПКЕ АЛУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН АДАМ ТОПТАРЫ:**

- - **ҰЙЫМНЫҢ ИЕЛЕРІ;**
- - **ҰЙЫМ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІ;**
- - **САТЫП АЛУШЫЛАР;**
- - **ІСКЕРЛІК СЕРІКТЕСТЕР;**
- - **ЖЕРГІЛІКТІ ҚАУЫМДАСТЫҚ;**
- - **ЖАЛПЫ ҚОҒАМ.**

ҮЙ ТАПСЫРМАСЫ:

- 1. ДӘРІС БОЙЫНША КОНСПЕКТ, ОҚУ, ТҮСІНУ.**
- 2. Ф.КОТЛЕР БОЙЫНША АНЫҚТАЛҒАН ҰЙЫМ МИССИЯСЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР – ЗЕРТТЕУ, ДӘПТЕРГЕ ТҮСІРУ, ТҮСІНІК АЙТУ.**